



БІРІНШІ КУРС СТУДЕНТІНЕ ЖОЛНҰСҚАУ

ҚҰРМЕТТІ БІРІНШІ КУРС СТУДЕНТТЕРІ!!!

Сіздерді «Қазтұтынуодағы Қостанай жоғары экономикалық колледжі» мекемесінің студент мәртебесімен құттықтаймыз! Сіз жаңа, маңызды және ең қызықты өмір кезеңіне аяқ басасыз. Сіздің колледждегі кезіңіз есте қалатындай, ал мамандық таңдауыңыз дұрыс болсын.

Сіздерге табысты оқу, рухтандыратын ізденістер мен жаңа ашылымдар, мәнді қарым – қатынастар, қызықты демалыстар мен ойдағыдай жұмысқа орналасу мүмкіншілігін тілейміз!

Алда – жаңа әрі қызықты студенттік өмірқорқыныш пен толқу (абыржу) артта қалды, деуге болатын еді. Бірақ, босаңсуға әлі ерте – дәл оқудың бірінші жылы ең қиын болып келеді.

Колледжде оқудың мектептегі оқудан айтарлықтай айырмашылығы бар екеніне дайын болыңыз:

- оқу жүктемесі көп және пәндер күрделі;
- студенттен пәндерді оқуда барынша өз бетінше жұмыс істей білу және жауапкершілік талап етіледі.
- табысты оқыту үшін ұйымшылдық және өзін-өзі бақылау сияқты қасиеттер қажет.

Бірінші курс студенті алда:

- Өзін жаңа қасиетте сезіну («Мен-студентпін»);
- Жаңа студенттік ұжымға қосылу;
- Жаңа оқытушылармен тіл табысу
- Оқытудың жаңа жағдайын түсіну және оған үйрену.



1 КУРС СТУДЕНТІНЕ КЕҢЕС

1

Бірінші күннен бастап сабақтарға назар аударыңыз. Абыржымаңыз. Тайм-менеджментті меңгеріңіз. Оқудың алғашқы күндерінде, тіпті апталарында Сіз, сасқалақтық, ал тіпті жабырқаңқылық сезінуіңіз мүмкін. Бұл жаңа ортаға бейімделумен байланысты жағымсыз, бірақ қалыпты жағдай. Оқу корпусында қажетті дәрісхананың орналасуын асықпай анықтау үшін сәл ертерек келіңіз. Әдетте кабинеттер нөмірлері үш таңбалы — бірінші сан қабатты, ал одан кейінгілері дәрісхананың реттік нөмірін білдіреді. Сіздің үйден колледжге дейін апаратын автобустардың барлық нөмірлерін маршруттарын алдын ала анықтап алыңыз. Бірінші дәріске кешікпейсіз – артық күйгелектенбейсіз.

2

Куратордың түрін білу керек. Бұл әр түрлі мәселелерді жедел шешуге көмек беретін адам. Алғашқы кездесуде оның тегін, атын, жөнін, байланыс телефонын жазып ал. Кураторға өз жетістіктерің туралы, қолыңнан қандай жұмыс келетінін айт, өзінді қай жағынан көрсеткің келетіні ойларыңмен бөліс.

1 КУРС СТУДЕНТІНЕ КЕҢЕС

3

Бірінші күні колледжден өзіңіздің тобыңыздың сабақ кестесін тауып, оны жазып алыңыз (мамандық және курс шифры туралы есінде сақта).

Есіңізде болсын, мектепке қарағанда колледждің кестесі өзгеруі мүмкін, сондықтан оны қайта тексеріп отыруға жалқауланба. Егер сіз кестені ақпараттық стендтен жазып алуды ұмытып кетсеңіз ештеңе етпейді, оны колледж сайтынан электрондық мекенжай бойынша: kek.kz Оқу үдерісі бөлімінде – сабақ кестесін қарауға болады. Сабақты алмастыру қосымша парағына қарауды ұмытпаңыз, оқытушы аурып қалған жағдайда немесе басқада себептермен сабақ кестесінде өзгеріс болуы мүмкін.

4

Топтастарыңмен танысуға асығыңыз. Әдетте, бұл адамдар өмір бойы досыңызға айналады. Олардың телефон нөмірлерін және электронды поштасының мекенжайын жазып алыңыз, өз тобыңызға қатысты соңғы жаңалықтарды уақытында біліп отыру үшін, сабақ кестесіндегі өзгерістер немесе сабаққа келмей қалғаныңның себебін ескерту үшін өз тобыңыздың чатын құрыңыз.

1 КУРС СТУДЕНТІНЕ КЕҢЕС

5

Есіңізде болсын, сізде әр пән бойынша жеке дәптер болуы керек. Мұқабаның сырт жағында пәнді жүргізетін оқытушының аты-жөнін жазып алыңыз. Жазбаларды ұқыпты және уақытылы жүргіз. Тіпті сізде практикалық сабақ болса да, үнемі сабаққа дәрістің конспектісін алып жүр. Әрқашан сөмкеңізде «басы артық» 1-2 қаламның болуының қамын ойлаңыз. Дәрістерде өзіңізбен бірге түрлі-түсті қаламдар немесе маркерлер болуы пайдалы – олардың көмегімен сіз сабақ барысында ең маңызды формулалар мен анықтамалардың астын сызып, дәптердің жиегінде ескерткіш т.б. белгі қоя аласыз. Дәрістерді тез арада конспектілеуді үйреніңіз. Таңбалар мен сізге түсінікті қысқартулар жүйесін жасаңыз. Дәріс диктант емес екенін есте сақтаңыз, дәрісті тезистер түрінде жазып алыңыз.

6

Сессияға дайындық бірінші сабақтан басталатынына ниеттеніңіз. Сессияға дайындықты соңғы күнге қалдырмаңыз. Күнделікті шамалы оқыңыз, ең күрделі пәндерден бастаңыз. Кезекті дәріс алдында алдыңғы конспектіге көз жүгіртіп қарап шығыңыз. Түсінбеген жерлеріңіз көп пе, анықтап алыңыз. Егер оны оқулықтың көмегімен түсіне алмасаң, оқытушыдан сұрап алуға ұялмаңыз. Педагогтың конспектісінен басқа қосымша әдебиеттерді оқыңыз – ой өрісіңізді кеңейтіңіз (толықтырыңыз).

Барлық рефераттарды, бақылау және курстық жұмыстарды уақытында тапсырыңыз, кейде уақыты өтіп кеткен жұмыстарды төмен балмен (бағамен) қабылдайды.

1 КУРС СТУДЕНТІНЕ КЕҢЕС

7

Сабақты қалдырмаңыз! Күнделікті топ кураторлары, бөлім меңгерушілері және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сабаққа қатысушылар мен сабақта жоқ адамдарды қатаң есепке алып, жазып отырады. Егер сабақты дәлелді немесе дәлелсіз себептермен қалдырған жағдайда, Сізге қалдырған әр сабақты оқып тапсыру керек болады. Аурып қалған жағдайда, сабаққа шыққаннан кейін жеке тапсырма алып, оны сәтті орындау үшін күнде өз бетіңше жіберіп алған тақырыптарды оқы.

8

Қоршаған ортаны позитивті қабылдау қағидалары бойынша өмір сүріңіз. Кейбір бірінші курс үшін колледждің жаңа өміріне үйрену өте ауыр өтеді. Әсіресе сыртан келгендер үшін, тұрмыстың ауырлығына тап болатындарға. Енді бәрін өз бетіңше жасауың керек! Дегенмен, күшіңізді артық уайым қайғыға жұмсамаңыз. Сіздің кәсіби және жеке жетістіктеріңіздің сенімді тірегі (негізі) болатын, өміріңіздің жаңа кезеңі басталды.

1 КУРС СТУДЕНТІНЕ КЕҢЕС

9

Қиындықтар алдында тайсақтамаңыз! Қандай қиын болса да, көңіл – күйінді түсірме! Бірінші рет бірдеңені тапсыра алмасаң, дайындалып қайта тапсыр. Оңай болады деп кімәйтты?! Оқу – инемен құдық қазғандай!

Есіңізде болсын, оқудың бірінші жылы – ең маңызды, яғни дәл осы уақытта негізгі оқу дағдыларының қалыптасуы, білім қорын жинақтау басталады. Жалпы оқытудың табыстылығы осыған байланысты.



Сіздің назарыңызды колледжде Сіз өзіңіздің жаныңызға жақын істі таба алатыныңызға аударамыз: қоғамдық іспен, бимен, ән салумен айналысуға, студенттік іс – шаралардың ұйымдастырушысы болуға, «Сармат» әскери-патриоттық клубына, «Жас Отан» жастар бірлестігіне кіруге, КВН мен айналысуға, өзінді спорттың бір түрімен жетілдіруге болады. Бұл туралы ақпаратты сіз тобыңыздың кураторынан, старостадан, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарынан (210-кабинет) ала аласыз.



Есіңізде болсын, оқудың бірінші жылы – ең маңызды. Кейін тыныш, қиналмай сабақты жеке өміріңмен, демалыспен және өмірдің басқа салаларымен қатар алып жүру үшін, бірінші курста көп күшінді, және уақытыңды сабаққа жұмсауың керек.



ЖИ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР

Сыртқы көрініске белгілі бір талаптар бар ма?

Біздің оқу орнымызда киімнің іскерлік стилі дәстүрлі.

Джинсы киюге рұқсат етілмейді (тек қара классикалық стильді киюге болады).

Қауіпсіздік мақсатында ашық макияж, биік өкшелі аяқ киімге жол берілмейді. Ыңғайлы болу үшін және санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау үшін екінші аяқ киім киіңіз.

Өз күніңді қалай жоспарлау керек?

Әрбір студент оның оқу күні оқу кестесімен реттелетінін есте сақтауы тиіс. Ресми рұқсатсыз ешкім сабақтан кете алмайды. Оқу сабағынан басқа, да жоспарланғанды қадағалар отыру қажет, бұл туралы саған куратор хабарлайды.

Кімнің шәкіртақы алуға құқығы бар?

Шәкіртақыны бірінші семестрде барлық бірінші курс студенттері алады. Екінші семестрде шәкіртақы 1 семестрдің нәтижесі бойынша есептеледі.

«Қанағаттанарлық» («3») деген бағасы барлар алдағы семестрге дейін шәкіртақыдан айрылады, бірақ жаңа семестрдегі оқудың қорытындысы бойынша студент қайтадан шәкіртақы иегері бола алады.

Бірінші курс студенттерінің білімін бақылау қалай жүргізіледі?

Студенттерден оқу сабақтары барысында сабақты жиі сұрайды және практикалық тапсырмаларды орындайды. Ағымдағы белгілер журналда тіркеледі. Емтихан сессиясы емтихандар мен сынақтарды тапсыруды көздейді.

ЖИ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР

Бірінші семестр қанша созылады? Демалыс бар ма?

Барлық мамандықтардың бірінші курс студенттері 1 қыркүйектен бастап сабаққа кіріседі. Бірінші курстар үшін бірінші семестр 17 оқу аптасын құрайды. Демалыс 2 аптаға созылады. Әр семестрде оқу аптасықанша, практика қай кезде, оқу үрдісінің кестесінен біле аласың.

Студенттің қабілетін жетілдіру үшін жағдай бар ма?

Оқудың алғашқы күнінен бастап студентке өзін оқуда және сабақтан тыс қызметте көрсетуге мүмкіндік беріледі. Олар пән олимпиадаларының қатысушылары бола алады; ғылыми жетекшілер оларға ғылыми зерттеу үшін қызықты және өзекті тақырыптарды ұсынады. Дарынды студенттерді кәсіби шеберлік байқауларына жібереді. Шығармашылық өзін-өзі көрсету құпталады.

Бос уақытты қалай ұйымдастыру керек?

Студенттерге қосымша білім беру жүйесі әртүрлі үйірмелермен (би, вокалдық, домбыра), спорт секцияларымен (футбол, волейбол, тоғыз құмалақ), жастар бірлестіктерімен (КВН, Жас Отан) ұсынылған. Колледждің kek.kz сайтының студент бөлімінде кестемен танысуға болады.

Сенің денсаулығыңның проблемасы бар ма

Оқу жоспарына сәйкес колледждің барлық мамандықтарының пәндер тізімінде «Дене шынықтыру» пәні бар. Егер сенің денсаулығыңа байланысты мәселелер болса, алдын ала (оқу жылының басына дейін) барлық қажетті құжаттарды жинап, ДКК анықтамасын ал.

Егер сен өзіңді нашар сезсеңіз, міндетті түрде колледждің медициналық қызметкеріне жүгін, ол сені қарап, одан әрі сені тексеріп, емдеу үшін қайда жіберу керектігін шешеді. Нашар көңіл-күйің, әлсіздік, ауруың туралы айтуға ұялма – медицина қызметкері саған алғашқы көмек көрсетеді (1 қабат 106 кабинет).

Егер бір нәрсе болса...

Әрбір адаммен қиындық болуы мүмкін. Қамығудың қажеті жоқ. Алғашқы минуттарда үреймен күресу керек және ересек адамнан көмек, кеңес сұрау керек. Ең бірінші кезекте кураторыңа өз мәселең туралы айт. Егер ересек адаммен ашық сөйлесуге қорқатын жағдайда болсаң, онда колледждің бірінші қабатының холлында «Сенім жәшігі» қарастырылған.

ПАЙДАЛЫ АҚПАРАТ

Сізді қызықтыратын барлық ақпарат колледждің ресми kek.kz сайтында сондай — ақ Instagram - @_kvekk_ орналастырылған,

Егер сіз қандай да бір мәселені шешу керек болса, осы кестеге қараңыз!

Лауазымның атауы	Аты - жөні	Кабинет нөмері	телефон
Директор	Байгабелов Алтынбек Усербаевич	104	56-81-62
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	Кулесова Кымысбике Кабдуллаевна	104	39-15-51
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Кунтуган Бахытхан Кутуганович	210	56-82-64
Директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары	Мегильбаева Дина Амангельдиновна	103	56-82-64
Бөлімше меңгерушісі	Досмаганбетова Гульшат Тургыновна	102	56-82-05
Бөлімше меңгерушісі	Кощанова Бимарьям Сейткалиевна	102	56-82-05
Әдістемелік орталықтың жетекшісі және сырттай бөлім меңгерушісі	Китаева Лариса Геннадьевна	117	56-81-64
Әдіскер	Әдіскер	117	56-81-64
Психолог	Ядрова Надежда Викторовна	105	-
Медициналық пункт	Быкаева Майра Тургинбаевна	106	-
Кітапханашылар	Браташова Елена Геннадьевна	109	-
	Нугуманова Салтанат Танаткановна		
Бухгалтерия	Утеулина Анара Саутбаевна	100	39-20-99

Сабақ кестесі оқу бөлімінің жанында 2 қабатта, сондай-ақ колледж сайтында орналасқан.

МАМАНДЫҚТАР МЕН ТОПТАРДЫҢ АББРЕВИАТУРАСЫ

Кестеден өз тобыңды табу үшін аббревиатураны білу керек.

Әріптік белгі-бұл мамандық.

Оқыту тілі- (қаз.) (орысша)

Ф-53 мамандық қаржы

Мн-26 мамндық менеджмент

Фказ-17 мамандық қаржы, оқыту мемлекеттік тілде



Оқу сабақтары:

1 аусым

I пара 8.00 — 9.20

II пара 9.30 — 11.00


III пара 11.20 — 12.30

2 аусым

I пара 13.30 — 14.50

II пара 15.00 — 16.20

III пара 16.40 — 18.00



Информатика, 1С: бухгалтерлік есеп, ақпаратты автоматтандырылған өңдеу жүйесі пәндерінен барлық практикалық сабақтар 3-қабатта сол жақта орналасқан № 301, 302, 303, 305, 306, 307, 309 компьютерлік зертханаларда өткізіледі.

СӘТТІЛІК ТІЛЕЙМІЗ!!!